



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Сайрамбай Мағжан Бахтыбайұлы

S.maks1153@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«5В010900-Математика» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Тұнғышбаева Дарига Иманжусуповна

Қазіргі кезде интернеттің ең негізгі функцияларына электрондық почта қызметі мен мамандықтары бір немесе ортақ мәселемен айналысатын топтардың немесе зерттеушілердің бір-бірімен жылдам мәлімет алмасуы жатады.

Интернет күннен-күнге қуатты екпін алып, оған көптеген компаниялар мен фирмалар және қарапайым тұтынушылар үздіксіз қосылуда. Компаниялар мен олардың жабдықтаушылары және тұтынушылары арасындағы байланыс дәнекері рөлін атқаратын осы интернет желісі болып табылады. Қазіргі кезде мекмелер және әрбір жеке отбасы үшін атқарылатын алыстан оқыту жүйелері, алыстан кеңес беру, емдеу жұмыстары тәрізді мәліметті, сөзді, бейнені, қозғалысты қашықтан жылдам жеткізу жұмыстары осы интернет арқылы жүзеге асырылады.

Интернет сервистардың түрі өте көп FTP –дың қарыштап дамуының арқасында күннен – күнге дамып жатыр. Сосын біріне тоқталсақ.

Қосымша Kahoot бағдарламасы.

Kahoot бағдарламасы оқушылардың білімін бағалау үшін таптырмас бағдарламалардың бірі, әрі ауқымдысы болып келеді. Бұл бағдарламаның ерекшелігі, оқушылардың білімдерін тексеру барысында сан алуан ойындар ретіндегі сұрақтар мен тапсырмалар дайындай аламыз. Осы жол арқылы біз оқушыларда қызығушылық тудырып, білім беру процессін жеңілдетеміз.

Kahoot бағдарламасымен мұғалімдерге компьютер мен интерактивті тақта немесе проектор, ал оқушыларға компьютер, ноутбук немесе ұялы телефон қажет. Әрине жұмысты интернет бар жерде ғана жасай аламыз. Бағдарламада жұмысты бастау үшін, онда тіркелу керек. Тіркеліп болған соң, тапсырмаларды құрастыра беруге болады. Тапсырмаларды құрастырып болған соң, сақтап қоясыз. Сабақ кезінде өз аккаунтыңызға кіріп, интерактивті тақтаға қосып оқушыларға тапсырмаларыңызды бере аласыз.

Келесі тағы бір тамаша сервис бағдарламаны ұсынсам.

LearningApps.org – бұл РН Верн білім беру Информатика Педагогикалық колледжі Орталығының Майнц және Циттау / Герлиц қалалары Университеттерімен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы.

Интерактивті білім беру қосымшасының негізгі тапсырмасы балаларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама. Интерактивті тапсырмаларды құрастырушы LearningApps.org «Викторина»; «Сөздерді белгілеу»; «Кім миллионер болғысы келеді?»; «Топтастыру», «Картада белгілеу», «Жұпты табу», «Құрастыру» пазлдар, «Суреттерді сұрыптау», «Сөзжұмбақ», «Бұл қай жерде?» сияқты білім беруге арналған он-лайн қосымшалардың көп түрін ұсынады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сборник материалов IV международной научно- практической конференции «Мобильная школа: от теории к практике». Омск, 2016.
2. Имангазиева Ж. «Интерактивті тақтаны тиімді қолдану», Информатика негіздері, №2, 2011.

3. Орынбаева Ш. «Оқытудың интерактивті әдісі», Білім технологиясы, №4, 2013.

ӘОК 377

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУШЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІСІ

Саурбаева Балжан

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Жарылкасынова Алина, Жасыұзақова Жансая

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранттары, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.ғ.к. А.Сарсекеев

Математикалық сауаттылық – математиканың өмірдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады.

Қазіргі таңда ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған математикалық сауаттылық тапсырмалары үш үлкен тақырыпты қамтиды.

Бірінші, функционалдық сауаттылық. Бұл математикалық құзыреттілік ұғымымен тікелей байланысты. Математикалық құзыреттілік - нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі. Мұнда кестелермен, тарифтермен, диаграммалармен байланысты есептер көбірек кездеседі.

Екінші, логика. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырамыз дейді екенбіз оқушы логикасы мықты болу керек. Сондықтан қазіргі таңдағы кез келген емтихан формаларында жаттанды формулалардан гөрі, логикалық бағыттарға басымдылық беріле бастады. Бұл, әсіресе, жаңа форматтағы ұлттық бірыңғай тестілеудегі «математикалық сауаттылықтың» маңызды ерекшеліктерінің бірі.

Үшінші, сандық салыстыруға арналған тапсырмалар.

Мәселенің мәнін математикалық сауаттылық деңгейін анықтауға берілген бірнеше тапсырма көмегімен ашып көрейік.

1-есеп. Орташа жылдамдығы 55км/сағ болатын автобус жолдың бірінші жартысын 40км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Жолдың екінші жартысындағы автобус жылдамдығын анықтаңыз.

4-есеп. Егер m станок тапсырманы p сағатта орындай алатын болса, онда сол тапсырманы $m+2$ станок қанша сағатта орындай алады?

Біріншісі стандартты «қозғалыс есебі», екіншісі- «бірігіп жұмыс атқару» есебі. Мұндай есептер деңгейіне байланысты әртүрлі сыныптарда оқытылады. Негізгі жұмыс 8-сыныпта «Квадраттық теңдеулер»тақырыбынан кейін орындалуы керек. Алайда, елдегі оқулықтарда ([1], [2]) бұл тақырып толыққанды ашылмаған. Авторлар бұл есептерді шығаруды үйрету әдістемесін ұсынбайды, теориялық бөлімдері бір-екі есеп(әрқашан «кілттік есеп» емес) шешімін келтірумен шектелген, сонымен қатар, бағдарлама бойынша бұл тақырыптарды бекітуге қажет уақыт бөлінбейтінін тағы айту керек. Мәтінді есептерді шығаруға арналған жеке тарау оқулықтарда ұсынылмайды, ал ол есептер «Квадраттық